

## БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

## Жабайы жануарлар

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.02.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/29708/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Молдагалиева Бакытгул Сансызбаевна****Сабақтың тақырыбы:** «Жабайы жануарлар.»**Сабақтың білімділік мақсаты:** Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік беру, білімдерін молайту, жануарлардың түрлеріна жыр ата білуге үйрету.**Түзетушілік мақсаты:** Жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой-өрісін, көру, есту арқылы естесіне сақтауын, зейін, көру арқылы қабылдауын, сөздік қорын және қолдың ұсақ моторикасын, тілін дамыту және түзету.**Дамытушылық мақсаты:** Балалардың қызығушылығын тудырып, ой өрісін, белсенділігін, сана - сезімін, өзін-өзі ұстауындамыту.**Тәрбиелік мақсаты:** Жабайы жануарларға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ — жауап, әңгімелесу, жұмбақтар, ойын.**Сабақтың түрі:** Жаңсабақ**Сабақтың көрнекілігі:** Слайд, жабайы жануарлардың суреттер, бейне ролик**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру.**

Сәлеметсіздерме балалар, Қайырлы таң - Добрый день-Good morning!

Қайырлық күн-Солнцедобрий-Good afternoon!

жақсы сабағымызды бастамас бұрын шаттық шеңберіне жиналайық

**Шаттық шеңбер:**

Қайырлытаңаңға да, құсқа да,

Қайырлытаңжайдарлыжанға да.

Қайырлытаңалғаассын,

Кешкедейінжалғассын.

Жақсы орнымызға отыра қояйық, балалар бүгін бізге қонаққа Маша келді. Ол өте көңілсіз іші-абырмен пысыққан. Машаның орманға барып соңырау құлақтері пойнағысы келеді, бірақ онда аешкімді танымайды. Балар біз көмектесеміз бе Машаға жақсы көмектесеміз.

Балалар **өткен сабақты есімізге түсірейікші** үй жануарлары туралы мәлімет алғанбыз.

1. Үй жануарларын топтастыра топтастыр

2. Үй жануарларының адам өміріне пайдасы

3. Үй жануарларының төлдерін атау.

Өте жақсы балалар

### **Жаңа сабақ**

қызығушылығын ояту

Жаңа сабақты бастамас бұрын тапсырма

### **Жұмбақтарды шешу**

- Қалқиған ұзын құлағы
- Елеңдеп қорқып тұрады (қоян)
- Аузы бейне шалғы, орақ,  
Шөп емес, бірақ малды орады. (қасқыр)
- 3. Өзі ширақ, өзі қу,
- Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі)  
Қыс бойында жатады
- Тәтті ұйқыға батады. (Аю)
- Бұтақтан бұтаққасекірген,
- Кішкентайғанашапшаң (тиін)
- Болса-дағы инесі, істікпейді, бұлнесі? (кірпі)

Өте жақсы балалар, олай болса бұларнелер? (Жабайы жануарлар)

Жабайы жануарларға: аю, қасқыр, жолбарыс, арыстан, қоян, барыс, піл, тиін,

кірпі, керік, олар үй жануарымен салыстырғанда орманда өмір сүреді. Әр жануардың өзіндік ерекшелігі бар және сүйіп житін қорегі бар. Мысалы аю балды, балықты

ұнатса, қоян сәбізді, қасқыр етті, тиін жаңғақты ұнатады. олар суыққа да ыстыққа да төзімді болып келеді. Жыл мезгіліне қарай сырқы түстері өзгеріп отырады. Жабайы аңдар жыртқыш және пайдалы болып келеді. Аңдардың бізге пайдасы мол, олардың терісінен тон, жаға киімдер, бас киімдер тігеді.

Олай болса бейне ролик көрейік,

### **Тілімізді жаттықтыруға арналған тіл дамыту жаттығулары**

Ян — ян — секендеген ақ қоян,

Ю — ю — ю — қорбандаған аю

Кі — кі — кі - бұл айлакер түлкі

Қыр — қыр — қыр — бұл көкжал қасқыр

### **Сен білесіңбе**

Аю- қонжық, қасқыр- бөлтірік , түлкі- жәудір, кірпі — кірпішек, қоян- көжек

### **Сергіту сәті**

Біз орманға барайық,

Жан — жағымызға қарайық

Аю шықты қорбаңдап,

Қасқыр шықты ырылдап

Түлкі шықты майысып

Қоян шықты секіріп,

Қорықпаңдар, балалар

Қарап — қарап алыңдар

### **«Сөз» ойыны**

1. Қоңыр, маймақ, апан

2. Ашулы, сұр, бөлтірік

3. Қорқақ, ұзын, құлақ

### **Дидактикалық ойын:**

«Түлкі, түлкі түлкішек!» өлеңін оқу сахналау

Қоян: Түлкі, түлкі түлкішек,

Түнде қайда барасың?

Түлкі: Апам үйіне барамын

Қоян: Апаң саған не береді?

Түлкі: Ешкі сауып, сүт береді

Қоян: Оны қайда қоясың?

Түлкі: Тал түбіне қоямын

Қоян: Ит жеп кетсе қайтесің?

Түлкі: Ит аузынан аламын

Қоян: Ит бермесе қайтесің?

Түлкі: Жылай, жылай қаламын!

Балалар Маша алғыс айтуда, сіздердің арқаларыңызда жабайы жануарлар туралы білді. Олай болса балалар сіздерге түлкінің сұлулығын, қоянның жылдамдығын, аюдың мейірімділігін, қасқырдың батылдығын тілеймін. Сау болыңыздар.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.